




АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Мемлекеттің жария тәртібі





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мемлекеттің жария тәртібі

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Жалған мәлімдеме (misrepresentation) дегеніміз елеулі болып табылатын және шарт жасасуға итермелейтін тарапты адастыруға енгізілген фактіні немесе заңды жалған бекіту. Бұл анықтаманы үш жеке элементке бөлуге болады.



| | | |
|--|--|--|
| Ұсыным фактіні немесе заңды анық емес, жалған бекітумен болуы тиіс | Ол адастырылатын тарапқа жолдануы тиіс | Ол шарт жасасуға ынталандырылуы тиіс және материалдық болуы тиіс |
|--|--|--|

Жалған мәлімдеме (misrepresentation) – қарсы тараптың келісімшарт жасасуына негіз болған бұрмаланған факт не заң талаптары туралы мәлімет.

Жалған мәлімдеме мынадай элементтерден тұрады:

(a) бір тараптың келісімшарт жасалмай тұрғанда жалған мәлімдеме жасауы, бұған бастапқыда шын болған, алайда келісімшарт жасасу алдында бұрмаланған мәлімдеме де жатады;

(b) ауызша жасалған мәлімдеме және (немесе) іс-әрекеттен аңғаруға болатын мәлімдеме;

(c) мәлімдеме келісімшарт жасасатын қарсы тарапқа арнап (әдетте тікелей, кейде жанама түрде) жасалады;

(d) қарсы тарап келісімшарт жасасу арқылы өзінің аталған мәлімдемеге сенгенін көрсетуі тиіс (немесе талаптары бұрынғыға қарағанда оңтайлы емес келісімшарт жасасуы керек);

(e) мәлімдеме бұрын болған немесе осы шақтағы фактіге не «заң талаптарына» қатысты болуы тиіс (біреудің ниеті туралы жалған мәлімдеме жасау немесе қасақана жаңылыстыру және тым оптимистік болжамдар жасау туралы);

(f) мәлімдеме біреудің пікірін білдірумен ғана шектеліп қалмауы керек;

(g) мәлімдеме анық әрі тиянақты болуы тиіс, ол «әсіре айтылған сөз» (mere puff) болмауы тиіс;

(h) сонымен қатар ол елеулі (material) мәлімдеме (яғни ойы қисынды адамға ықпал ететіндей мәлімдеме) болуы керек.



Жалған мәлімдеме және міндетті кепілдіктер

(i) Жанама кепілдік (collateral warranty) деп танылған немесе негізгі келісімшарттың талабына айналған бастапқы мәлімдеме (келісімшарт жасалғанға дейінгі мәлімдеме) келісімшартқа сай жауапкершіліктің туындауына себепші болуы мүмкін.

(ii) Келісімшарт жасалмай тұрғандағы жалған мәлімдеменің және негізгі келісімшартқа оның бір талабы болып енген мәлімдеменің бірдей заңдық күші болуы мүмкін. Жанама кепілдік берілген жағдайларды санамағанда, келісімшартты тоқтату келісімшарт бұзылды деп компенсация талап етуге негіз бола алмайды.

Жалған мәлімет те, келісімшарт талабы да болатын мәлімдеме. Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы заңның (Misrepresentation Act 1967) 1(a)-бөліміне сай, жалған мәлімдеме келісімшарт талабына айналған күннің өзінде (мұндай жағдай болып тұрады, онда келісімшартқа сай, келтірілген залалды өтеп алуға болады), ол сонымен қатар жалған мәлімдеме де болып қалуы мүмкін (мұндай жағдайда келісімшартты тоқтату сияқты құқықтық қорғау құралын қолдану мүмкіндігі бар).

Мәлімдеменің келісімшарт талабына немесе жанама кепілдікке айналуы. Келісімшартты заңдық күшінен айыратын негізгі фактор (vitiating factor) – жалған мәлімдеме жасау (келісімшартты бұзумен байланысты құқықтық қорғау құралдары мен жалған мәлімдеме жасаумен байланысты залалды өтеу мүмкіндігі).



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мемлекеттің жария тәртібі

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Дегенмен іс жүзінде бұл тақырып «келісімшарт жасасқанға дейінгі мәлімдеме негізінде кредиторға өзіне келтірілген залалды өтеп алуға мүмкіндік беретін міндетті заңдық күші бар келісімшарттық кепілдік туындай ма, әлде туындамай ма?» деген сұрақпен де байланысты. Сондықтан жалған мәлімдеме жасау тақырыбын қарастырмас бұрын, осындай мәлімдемелерді (сендірулерді) жанама кепілдіктер немесе келісімшарт талаптары деп тану критерийлерін айқындап алғанымыз дұрыс болар. Белгілі бір кепілдікті немесе мәлімдемені бір уақытта келісімшарт талабына да (не жанама кепілдікке), жалған мәлімдемеге де жатқызуға болады.

Алынбай қалған пайда түріндегі залалды өтеп алу (loss of bargain damages) үшін кредитор келісімшарт жасалғанға дейінгі жалған мәлімдеме: (а) негізгі келісімшартқа енген талапқа немесе (b) жанама кепілдікке, яғни негізгі келісімшарттан бөлек қосымша келісімшартқа айналған деп сендіруі мүмкін.

Атап айтқанда, соттар төмендегідей критерийлерді қарастырады:

(а) кредитордың жасалған мәлімдеменің келісімшарт бойынша міндетті заңдық күші болатынына кепілдік берілді деп қисынға сай тұжырымдауға құқылы болғаны-болмағаны; кредитордың мәселенің өзі үшін маңызды екенін білдіргені-білдірмегені;

(b) қалыптасқан жағдайда мәселенің кредитор үшін маңызды екені белгілі болғаны-болмағаны. Мысалы, City & Westminster Properties (1934) Ltd компаниясының Маддқа қарсы ісі (1959) жалға беруші болашақ жалға алушыны оған жалға берілетін кеңседе түнде қонуға болады деп сендірген. Алайда жазбаша жасалған жалға беру шартына сай, аталған коммерциялық ғимарат ішінде қонуға тыйым салынған. Судья Харман кеңседе қонуға рұқсат бермеу – мәміле жасасуға кедергі болатын жайт екенін ('deal-breaker') атап өтіп, жалға берушінің ауызша мәлімдемесін жарамды деп таныған. Осылайша жалға берушінің тұрғын емес үй-жайларды жалға беру туралы жазбаша шарт талаптары бұзылды деп, оны тоқтатуына жол берілмеді;

(с) келісуші тараптардың салыстырмалы дағдылары, білімі мен тәжірибесі;

(d) репрезентордың (өзге тарапта нақты бір жағдай туралы түсінік қалыптастырған тұлға) кредитордан істің мән-жайын өз бетімен тексеріп алуын сұрағаны-сұрамағаны;

(e) репрезентордың қарсы тарапты істің мән-жайын тексерудің қажеті жоқ деп сендіргені-сендірмегені.

Ауызша жасалған немесе іс-әрекеттен аңғаруға болатын жалған мәлімдеме

Жалған мәлімдеме, әдетте, ауызша жасалады, алайда оны іс-әрекеттен де аңғаруға болады. Жалған мәлімдеме сөз бен іс-әрекеттің комбинациясы түрінде де көрініс табуы мүмкін.

Мысалы, Spice Girls Ltd компаниясының Aprilia World Service BV компаниясына қарсы ісін (2002) қараған Апелляциялық сот жалған мәлімдеме іс-әрекетте көрініс тапқанын анықтаған. Әйгілі әншілер тобының бір мүшесінің топтан кететін ойы жоқ дегенге саятын әрекет.

Қарапайым пікір

(i) Маман емес адам білдірген пікір жалған мәлімдемеге жатпайды.

(ii) Дегенмен жеке тұлға өзі жасаған мәлімдемеге сай қалыптасқан ой-пікірге қайшы келетін фактілер туралы білмейді деп тұспалдауға да болады. Іс жүзінде ол сондай фактілерден хабардар болса, онда ол жалған сөйлеген болуы мүмкін.

Қарсы тарапты алдап, өз ойын, пікірін білдірген (яғни өзінің шын ойын жасырған) репрезентор фактіні бұрмалаған – жалған мәлімдеме жасаған болып саналады. Лорд-судья Боуэн Эджингтонның Фитцмориске қарсы ісіне (1885) қатысты былай деген: «Адамда қандай да бір ақыл-пайымның (ниеттің) болуы – онда асқорыту жүйесінің болуы сияқты анық жайт. Нақты бір уақыт мерзімінде адамның ниеті қандай екенін анықтау қиынға соғады, бірақ оны басқа фактілерді тапқандағыдай айқындап алуға болатыны рас».

Адал ниетпен айтылған, алайда қате болып шыққан пікір, жалпы алғанда, жалған мәлімдемеге жатпайды. Дегенмен жеке тұлға өзі жасаған мәлімдемеге сай қалыптасқан жағымды ой-пікірге қайшы келетін фактілер туралы білмейді деп тұспалдауға да болады.

Мәлімдеменің келісімшарт жасасқанға дейінгі жалған болып қалуы

Бастапқыда дұрыс мәлімдеме жасаған, бірақ келісімшарт жасасуға дейін оның жалған болып қалғанын білсе де, қарсы тарапқа айтпаған тұлға жалған мәлімдеме жасаған болып саналады.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мемлекеттің жария тәртібі

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Репрезентор келісімшарт жасалғанға дейін өзгеріс болғанын біліп, өзі бастапқыда жасаған мәлімдемені түзетуге әрекеттенбесе, ол жалған мәлімдеме жасаған болып саналады. Осы ережеге сай, Уиздің О'Фланаганға қарсы ісіне (1936) қатысты, Апелляциялық сот судьялары (көпшілігі) – лорд-судья Ромер және судья Клаусон хабардар болу критерийін қолданған (criterion of knowledge). Оны репрезентор өз мәлімдемесіне шынымен сенумен болды деген тұспалданған тұрақты мәлімдемені бұзу деп түсінуге болады.

Жалған мәлімдеме жасауға байланысты қолданылатын құқықтық қорғау құралдары

(i) Жалған мәлімдеме жасалған жағдайларда (іске қатысты фактілерді ескере келе) мынадай құқықтық қорғау құралдары қолданылады: (a) қос тараптың келісімшартқа сай алған артықшылықтарын жою («келісімшартты басынан бұзу» – rescission ab initio); (b) келтірілген залалды өтеу (damages).

(ii) «Келісімшартты бұзу» (restitutio in integrum – толық реституция, яғни тараптар келісімшарт жасасқанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру) атты құқықтық қорғау құралы залалдың жасалған мәлімдеме кесірінен болғанына не болмағанына қарамастан қолданылады.

(iii) Залалды өтеуді талап етуге құқылы болу үшін: (a) жалған мәлімдеме алаяқтықпен жасалған (алдау түріндегі деликт (tort of deceit); (b) жалпы құқық ережелеріне сай, жалған мәлімдеме салғырттықпен жасалған (салғырттықпен жасалған жалған мәлімдеме түріндегі деликт (tort of negligent misstatement) немесе (c) репрезентор Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы заңның 2(1)-бөліміне сай жауапты болуы тиіс (заңда айқындалған деликт – statutory tort).

Келісімшартты бұзу (тоқтату, ағыл. rescission). Дауланатын келісімшартты (voidable contract) (ab initio) бұзу (restitutio in integrum деген атпен мәлім) арқылы тараптар келісімшарт жасасқанға дейінгі жағдай қалпына келтіріледі. Бұл құқықтық қорғау құралы өзара қайтарып берісу мен қалпына келтіру (reciprocal giving back and restoration), соның ішінде (қолдануға болатын жағдайларда) физикалық реституция орнына немесе онымен бірге компенсация жасау (indemnification) сияқты шараларды қамтиды (алған артықшылықтарды толық қалпына келтіру үшін жасалатын қаржылық реттеу (financial adjustment).

Келісімшарт бұзылғандағы компенсация. Әділдік құқығында қазір күші жойылған мәміле бұрын күшінде болғанда шығынға ұшыраған тарапқа компенсация беру қарастырылған. Аталған тарапқа төленетін компенсация тиісті мәміле талаптарына сай жұмсалған шығындарға ғана қатысты.

Жалған мәлімдемеден болған залалды өтеу. Жалған мәлімдеме салдарынан залал тартқан тарап Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы заңның 2(1)-бөлімінде белгіленген ережеге сүйеніп, өзіне компенсация беруді талап ете алады (бұл заң ережесі жанама кепілдікке негізделген келісімшарттық талап арыз берілмегенде немесе тиісті келісімшарт талабы болмаған жағдайда қолданылады). Репрезенти мүдделеріне сай әрі стратегиялық тұрғыда маңызды болғандықтан, 1967 жылғы заңның 2(1)-бөлімі 72-бапта бөлек қарастырылады.

Алдау салдарынан болған залалды өтеу шараларына келсек, осы мәселе бойынша негізгі сот прецеденті болып табылатын Smith New Court ісіне (1997) қатысты лорд Браун-Уилкинсон былай деген:

«Жауапкер тарап мәміледен тікелей туындаған залалдың орнын толтыруға міндетті; мұндай залал келтірілетінін алдын ала білмесе де, ол тікелей мәміледен туындаған болуы тиіс... Бұған қоса, шағымданушы тарап мәміленің салдарынан болған жанама шығындарды да өтеп алуға құқылы».

Жалған мәлімдемеден болған залалды өтеудің заңда қарастырылған түрлері

Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы заңның 2(1)-бөлімінде (заңда айқындалған деликт) былай делінген:

«Қандай да бір тұлға басқа тұлға оған жалған мәлімдеме жасағаннан кейін келісімшарт жасасып, салдарынан шығынға ұшыраған жағдайда, жалған мәлімдеме жасаған тұлға сол мәлімдемені алаяқтықпен жасасағаны үшін жауапты деп танылатын болса, жалған мәлімдеменің алаяқтықпен жасалмағанына қарамастан, аталған тұлға жауапкершілікке тартылады. Әйтпесе ол өзі келтірген фактілердің дұрыстығына сенуге негіз болғанын және келісімшарт жасалғанына өзінің соған сенгенін дәлелдеуі тиіс».

Репрезенти өзіне компенсация алу үшін, көбіне, Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мемлекеттің жария тәртібі

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

заңның 2(1)-бөліміне (заңда айқындалған деликт) жүгінгенді жөн көреді. Бұған мына екі жайт себеп: (а) өтелетін залал мөлшері алдау салдарынан болған залалды өтеу мөлшерімен бірдей болады (71-бап); (b) талап арыз беруші тиісті мәлімдеменің жалған екенін көрсетсе, сол мәлімдемені жасауға өзінде негіз болғанын дәлелдеу ауыртпалығы репрезенторға жүктеледі.

Өтелетін залал мөлшері алдау салдарынан болған залалды өтеу мөлшерімен бірдей.

Келісімшартты бұзуға қойылатын жалпы шектеулер

Келісімшартты бұзуға (тоқтатуға) мына төмендегі жайттар (ұйғарымға сай қойылатын шектеулер (discretionary bar) кедергі бола алады:

(a) тараптар келісімшарт жасасқанға дейінгі жайғдайды практикалық тұрғыда қалпына келтіру мүмкін болмағанда;

(b) келісімшарт нысанын репрезентиден қайта сатып алушы/сауда делдалы (sub-purchaser) адал ниетпен алғанда;

(c) репрезенти келісімшартты бекіткенде;

(d) уақыт өтіп кеткеннен кейін, келісімшартты тоқтату (бұзу) әділетсіз болғанда.

Бұл шектеулер дауланатын келісімшарттардың барлығына қатысты. Сондықтан бұл шектеулер жалған мәлімдеме жасалғандықтан, бұзуға болатын келісімшарттарға ғана емес, сонымен қатар заңсыз ықпал көрсетілгендіктен немесе (атап айтқанда, сақтандыру туралы келісімшарттары жасалғанда) мәлімет жасырылғандықтан, немесе арам ниет болғандықтан дауланатын келісімшарттарға да қатысты. Ортақ құқықтағы мәжбүрлеу доктринасына (doctrine of duress) сай дауланатын келісімшарттарға қатысты дәл осындай шектеулер қолданылып келген.

Келісімшартты бұзудың орнына залалды өтеу туралы ұйғарым шығару

Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы заңның 2(2)-бөлімінде былай делінген:

«Қандай да бір тұлға оған алаяқтықтан басқа жолмен жалған мәлімдеме жасағаннан кейін келісімшарт жасасқан жағдайда және ол өзіне жалған мәлімдеме жасалғандықтан келісімшартты бұзуға құқылы болғанда, онда, келісімшарт бойынша кез-келген істі қарау барысында аталған келісімшартты бұзу керектігі немесе оның бұзылғаны туралы талап қойылса, сот немесе арбитр, жалған мәлімдеменің мәнін және ол келісімшарт күшін сақтаған жағдайда келтіретін шығынды, сондай-ақ келісімшартты бұзғанда қарсы тарапқа келтірілетін шығынды ескере келе, әділдікке сай деп ұйғарса, келісімшартты жарамды деп танып, оны бұзудың орнына келтірілген залалды өтеу туралы шешім шығаруы мүмкін».

Арнайы юрисдикция соты өз ұйғарымына сай, жоғарыда аталған 1967 жылғы заңның 2(2)-бөлімін басшылыққа алып, жазықсыз жалған мәлімдеме жасалған күннің өзінде, келісімшартты бұзудың орнына келтірілген залалды өтеу туралы шешім шығара алады. Ескерту: мұндай ұйғарым алаяқтықпен жалған мәлімдеме жасалған жағдайда қолданылмайды.

Жалған мәлімдемелерге қатысты алып тастаулар туралы ережелер

(i) Прецеденттік құқық ережелеріне сай, алаяқтықпен жалған мәлімдеме жасаған тұлғаны жауапкершіліктен босатуға немесе оның жауапкершілігін шектеуге жол берілмейді.

(ii) Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы заңның 3(1)-бөліміне сай, арнайы юрисдикция соты қисынсыз ережені жарамсыз деп тани алады.

Алаяқтық жасағаны үшін жауапкершіліктен босатуды немесе жауапкершілікті шектеуді көздейтін ереже жария тәртіпке қайшы болғандықтан, жарамсыз деп танылады.

Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы заңның 3(1)-бөліміне сай бақылау шаралары. Сот жалған мәлімдеме жасағаны үшін жауапкершіліктен негізсіз босату немесе жауапкершілікті негізсіз шектеу қарастырылған ережені жарамсыз деп таниды. Бұл қағида: (1) тұтынушы келісімшарттары мен (2) тауарларды халықаралық жеткізу келісімшарттарынан басқа барлық келісімшарт түрлеріне қатысты қолданылады.

Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы 1967 жылғы заңның 3(1)-бөлімінде (оған Тұтынушылардың



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мемлекеттің жария тәртібі

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

құқықтары туралы 2015 жылғы заңның 75-бөліміне және 4-қосымшасының 1-параграфына сай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) былай делінген:

«Жалған мәлімдеме жасағаны үшін жауапкершіліктен босату ережесін қолданбау: Қандай да бір келісімшартта: (a) келісімшарт жасасқанға дейін жалған мәлімдеме жасаған тарапты жауапкершіліктен босатуды немесе жауапкершілікті шектеуді; (b) жалған мәлімдеме жасалғандықтан, келісімшарт жасасқан қарсы тарапқа қатысты тиісті құқықтық қорғау құралдарын қолданбауды көздейтін талап болса, Келісімшарттардың әділетсіз ережелері туралы 1977 жылғы заңның (Unfair Contract Terms Act 1977) 11(1)-бөлімінде айқындалған қисынға сай болу шартын қанағаттандыратын талаптарды қоспағанда, мұндай талаптың күші жоқ деп танылады; тиісті ереже аталған шартты қанағаттандырады деген тараптар солай екенін көрсетуге тиіс».

Қолданылған әдебиеттер

1. J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), chapters 2 and 3; JD Heydon, MJ Leeming and PG Turner (eds), *Meagher, Gummow and Lehane's Equity: Doctrines and Remedies* (5th edn, Australia, Sydney, 2014), Part 4(2); D O'Sullivan, S Elliott and R Zakrzewski, *The Law of Rescission* (2nd edn, Oxford, 2014), chapter 4; Spencer Bower, Turner and Handley's *Actionable Misrepresentation* (5th edn, London, 2014)
2. Proposition (i): J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), chapter 8; Spencer Bower, Turner and Handley's *Actionable Misrepresentation* (5th edn, London, 2014), 2.12
3. Proposition (ii): J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), 4-38; Spencer Bower, Turner and Handley's *Actionable Misrepresentation* (5th edn, London, 2014), 15-03
4. Proposition (iii): J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), 2-12; Spencer Bower, Turner and Handley's *Actionable Misrepresentation* (5th edn, London, 2014), 14-08, 14-09
5. J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), 3-03; Spencer Bower, Turner and Handley's *Actionable Misrepresentation* (5th edn, London, 2014), 4-23
6. J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), 3-14 to 3-19, 3-45 ff; Spencer Bower, Turner and Handley's *Actionable Misrepresentation* (5th edn, London, 2014), 2-18 to 2-023
7. J Cartwright, *Misrepresentation, Mistake and Non-Disclosure* (3rd edn, London, 2012), 4-27, 4-28; Spencer Bower, Turner and Handley's *Actionable Misrepresentation* (5th edn, London, 2014), 4-10, 4-11